

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІЛІГІ:
СЫН-КАТЕРЛЕР МЕН ҮРДІСТЕР
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА:
ВЫЗОВЫ И ТЕНДЕНЦИИ**

УДК 342.61 (511)

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ – ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАДАМЫ**

Нұрпейіс Н.Б., 2 курс, құқықтану, экономика және құқық институты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Байтасова М.Ж., МжҚТ кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Автор бұл мақалада қазіргі заманғы мемлекеттік аппараттың қалыптастыруының негізгі мәселесін қарастырған және де осы мақалада мемлекеттік қызметкерлердің қазіргі таңда аттестаттаудың тәртібі меннақты қажеттілігі жан-жақты айқындалып, зерделенген.

Бүгінгі заманда уақыт ағысы мүлдем басқаша. Күннен күнге қарыштап дамып отырған әлемдегі мемлекеттер дамуындағы прогресс жаһандық жүйенің құрамдас бір бөлігі Тәуелсіз Қазақстанды өз ықпалынан тыс қалдырмасы анық. Осы себептен біздің алдымызда әлем елдері арасында барлық жағынан бәсекеге қабілетті республиканы қалыптастыру міндеті тұр.

Біздің өркениетке жетер мақсаттарымыздың бірі – мемлекеттілік пен мемлекеттік құрылым, мемлекетті басқару жүйесін дамыту болып табылады. Осы мақсаттар «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамында» көрініс тауып, әлемдік бәсекеге қабілетті, дамуға бейім, жаңа заман мен талаптарға сай, мемлекет жүйесін құру шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырыла бастады. Осы орайда, Елбасы мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау қатаң тәртіппен, реттілікпен жүзеге асыру қажеттігін нақты ескертіп кетті.

Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек, мемлекеттік қызметтегі әрбірадам еліміздің мүддесі үшін адал еңбекетуде жұмысының маңыздылығын сезінуі және өз елінің ұлтжанды азаматы болуы керек деп санаймын. Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау мақсаты – кәсіби даярлық деңгейін анықтау және «Б» корпусы қызметшілерінің отырған лауазымдарына сәйкестігін, мемлекеттік аппараттың кәсіби шеберлігін жоғарлату, халық пен мемлекетке қызмет ету мақсатын жақсарту.

Аттестациялауды өткізу мемлекеттік қызметкерлердің әлеуетін, деңгейін анықтауға бағытталған. Оларға жыл сайынғы еңбек демалысын беру, іс-сапарға, тағылымдамаға, біліктілікті арттыру мен қайта даярлау курстарына жіберу, аттестациядан өткізу кестесін ескере отыра жүзеге асырылады. «Б» корпусы мемлекеттік қызметкерлерінің ішкі конкурстарға қатысулары, сонымен қатар, олардың мемлекеттік, әкімшілік лауазымдарға тағайындаулары Аттестаттау комиссиясының шешімімен ғана жүзеге асырылады [1].

Бүгінгі таңда «100 нақты қадам» бағдарламасына сай, алға қойылған басты мақсаттар өз шешімін тауып, негізгі қағидаттар заңдастырылды. Ендігі мақсат 15-қадам талаптарына сай: «Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін іс басындағы мемлекеттік қызметкерлерді кешенді аттестаттаудан өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу» болып отыр. Осы арқылы «Ұлт жоспарында» межеленген мақсаттар өмірден өз орнын толық табатын болады [2].

Бұл мақсатты қадамдар бұрын болған жоспарлар мен бағдарламалардан түбегейлі өзгеше болып отыр. Демек, мемлекеттік қызметкер дегеніміз «халыққа, азаматтардың заңды мүдделеріне, мемлекетке қызмет етуді өзінің парызы» деп түсінетін, басқару баспалдақтарының бәрінен біртіндеп өткен – тәжірибелі, ұлттық мүдделермен, әлемдік тәжірибелермен шың-

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІЛІГІ:
СЫН-КАТЕРЛЕР МЕН ҮРДІСТЕР
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА:
ВЫЗОВЫ И ТЕНДЕНЦИИ**

далған, өз ісінің шебері, жоғары сатылы кәсіби маман болуға міндетті. Мемлекеттік қызметкер өз ісіне бей-жай қарамай, жан тәнімен беріле білетін маман болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда құзыретті және кәсіпқой басқарушыларды қалыптастыру – кез келген қоғам үшін өте маңызды және өте күрделі міндет [3].

«Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам» 15 қадамына сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің аттестаттау өтті. Әрбір мемлекеттік қызметкер төменнен бастап барлық басқарушылық баспалдақтардан өту арқылы қалыптасуы керек. Биылғы аттестациялаудың айырмашылығы – бұл талаптарда заңды білу деңгейін анықтайтын тестілеудің болмауы. Себебі, мемлекеттік қызметшілердің тек қана теориялық дайындығын ғана анықтайтын тесттік аттестаттау заман талабына жауап бере бермейді. Сол үшін бұл аттестаттауда мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілікті бағалау жүйесі енгізілген.

Ең бастысы, мемлекеттік қызметшілердің ісін жауапты құзыретті органдар мен қоғам тарапынан тұрақты түрде қадағалау және уақыт талабына сай біліктілігін арттырып отыру мәселесі – елімізде кәсіби мемлекеттік аппарат құруға жол ашады, дәрменсіздікке жол бермейді. Мемлекеттік қызметкерлерді баулу арқылы басқару жүйесін құру – мемлекеттік қызметке үміткерлерді таңдау аясын кеңейтеді, бұл сапалы кадрларды таңдауға және көптеген талантты адамдардың мемлекеттік қызметке келуіне жол ашады [4].

Демек, мемлекеттік қызмет меритократия қағидаты негізінде барлық азаматтарға өз қабілеттерін жүзеге арттыру үшін бірдей мүмкіндіктер берілетін әділ қазақстандық қоғамның түп бейнесіне айналады. Міне, осындай біліктілік талаптарды күшейтуді басты назарда ұстаған Қазақстан посткеңестік елдердің ішінде алғашқы болып, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң негізінде мемлекеттік қызметшілердің жаңа кадрлық корпусын қалыптастыруға кірісті. Осылайша елімізде мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделін дамытудың жаңа кезеңі басталды деп, нақты атап айтуға болады.

Бұл аттестаттауға мемлекеттік қызметкерлерден бөлек қоғам және бұқаралық ақпарат қызметкерлері де кіреді. Аттестаттаудан өткеннен кейін қызметшілер іскі қызметтерде ауыса алады. Уақытша лауазымға ие боп отырған қызметкерлер комиссияның шешімінсіз-ақ конкурса қатыса алады.

Сөз соңында мемлекеттік қызметкерлерді аттестаттау мемлекеттік аппараты айтарлықтай шамада жаңғыртады, әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға сұраныс арттырады, жұмыс сапасын жоғарлатады. Осылайша, Ұлт Көшбасшысы Н.А. Назарбаев – Президентіміздің айтқан ойларын жоғары деңгейде және алдында тұрған жаһандық барлық сын-кәтерлерді жүзеге асырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Заңы «Мемлекеттік қызмет туралы» 23 қараша 2015
2. Н.Ә. Назарбаев «Жүз нақты қадам» Ұлт жоспары, 2015
3. Н.Н. Обозов «мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысын реттеудің құқықтық мәселелері» / М., 2014
4. Г.В. Атаманчук «Мемлекеттік қызметтің мәні: тарих, теория, заң, практика» / М., 2017